

«Қазақстан халқына»

қоғамдық қоры

**Басқармасының шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

«Қазақстан халқына»

қоғамдық қоры Басқармасының

2023 жылғы «07» наурыздағы

№ 11 хаттамасына

№ 2 қосымша



«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының

**Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды
ұйымдастыру және откізу ережелері**

Астана қаласы, 2023 ж.

1. Жалпы қағидалар

1.1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының осы Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі - Қор) ішкі құжаты болып табылады және Қордың әкімшілік-шаруашылық қызметтің қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібін белгілейді және Қордың қайырымдылық қызметтің жүзеге асыруға бағытталған Қордың Жарғысында белгіленген Қордың қызметінің негізгі мақсаттарына таралады.

Осы Ережелерге сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қордың бюджетінде тиісті жыл үшін қарастырылған қаражаттардың есебінен жүргізіледі.

Бұл ретте, Қор тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алған кезде қайырымдылық қызметтің жүзеге асыру мәні болып табылатын қоғамдық ұйымның мәртебесі туралы әлеуетті жеткізушілерге хабарлайды; Қордың қайырымдылық қызметтің ескере отырып және бизнес-қоғамдастықтың әлеуметтік жауапкершілігін мойындай отырып, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді ақысыз негізде қабылдайды.

1.2. Осы Ережелерде мынадай түсініктер мен қысқартулар пайдаланылады:

1) тауар – заттар, соның ішінде жартылай фабрикатор немесе қатты, сұйық немесе газ тәрізді күйдегі шикізат, электр энергиясы мен жылу энергиясы, зияткерлік меншік құқығы нысандары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілесін жасауға болатын заттық құқықтар;

2) жұмыстар – заттай нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге қызмет;

3) қызметтер – Тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және заттай нәтижесі жоқ іс-әрекеттер;

4) біртекті тауарлар, жұмыстар, қызметтер – бірдей болмаса да ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын, соның арқасында бірдей атқарымдарды орындауға мүмкіндік беретін тауарлар, жұмыстар, қызметтер;

5) Қор - «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры;

6) Қордың реңми сайты (qazaqstanhalquna.kz) – Қордың ақпараттық жүйесі;

7) әлеуетті қатысушы/жеткізуші – кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыратын жеке тұлға, осы Ережелерге сәйкес шарт жасасуға үміткер заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді ескермегенде, егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгесі тағайындалмаса);

8) шарт – тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қорытындылары бойынша реңми сайтта жарияланған осы Ережелерге сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін бір тараптан Қор мен екінші тараптан жеке немесе заңды тұлға арасында жасалған келісім;

9) жеткізуші – кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыратын жеке тұлға, тауарларды жеткізу, жұмыстарды атқару және қызметтерді көрсету мәні болып табылатын шартты Қормен осы Ережелерге сәйкес жасасатын заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді ескермегенде, егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгесі тағайындалмаса);

10) етінім – сатып алу туралы хабарландырудың шарттарына сәйкес жеткізуші деп мойындалу мақсатында сатып алу үшін Тапсырыс берушінің талаптарымен және шарттарымен (барлық қажет құжаттардың қосымшаларымен) әлеуетті жеткізушінің келісу түрі;

11) сатып алу – осы Ережелерде белгіленген тәртіpte және тәсілдермен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді Қордың сатып алуы;

- 12) тапсырыс беруші - «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры;
- 13) жұмыс комиссиясы – сатып алу процедурасын орындау үшін Қордың Басқарма Төрағасының бүйрекіне сәйкес құрыллатын Қордың үздіксіз әрекет етуші алқалық орган;
- 14) корпоративтік басқару қызметі (бұдан әрі - КБҚ) – атқарымына қызметкерлерді басқару кіретін Қордың бөлімшесі;
- 15) бухгалтерлік есеп және есеп-қисап бөлімі (бұдан әрі – БЕЖЕБ) – атқарымына Қордың бюджетін жоспарлау және басқару кіретін Қордың бөлімшесі;
- 1.3. Қорда сатып алулар мынадай қағидаларды ұстану арқылы жүзеге асырылады:
- 1) әлеуетті жеткізушілерге сатып алуларды жүргізу процедурасына қатысу үшін тен мүмкіндіктер беру;
 - 2) әлеуетті қатысушылардың арасындағы адаптациялестік;
 - 3) сатып алу үдерісінің жариялышының және ашықтығы.

2. Сатып алуларды жоспарлау

- 2.1. Қордың құрылымдық бөлімшелері КБҚ мекенжайына тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге деген қажеттіліктер көрсетілген қызметтік жазбалар жолданады.
- 2.2. Құрылымдық бөлімшелердің қажеттіліктерінің негізінде КБҚ тиісті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің нарығының құнына мониторинг жүргізеді және БЕЖЕБ-мен және Басқарманың жетекшілік ететін мүшесімен келісу бойынша Сатып алулардың жылдық жоспарын құрастырады.
- 2.3. Қордың құрастырылған Сатып алулардың жылдық жоспарының негізінде әкімшілік бюджеттің жобасына Қордың Сатып алуларының жылдық жоспарының сомасы көрсетілген бап енгізіледі.
- 2.4. Қордың Сатып алуларының жылдық жоспары Қордың Қамқоршылық кеңесінің тиісті бюджеті бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасының бүйрекімен бекітіледі және Қордың ресми сайтында жарияланады.
- 2.5. Қордың өндірістік қызметтің барысында Сатып алулардың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 2.6. Қордың Сатып алуларының жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттіліктері туралы қызметтік жазбаны КБҚ Басқарманың жетекшілік ететін мүшесінің мекенжайына жолдайды.
- 2.7. Басқарманың жетекшілік ететін мүшесінің келісу қорытындысы бойынша Қордың Қамқоршылық кеңесі тиісті бюджетті нақтылаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қордың Сатып алулардың жылдық жоспарын бекіту туралы тиісті бүйрекіне КБҚ өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бүйректың жобасын жасайды және Қордың ресми сайтында жариялайды.

3. Жұмыс комиссиясы

- 3.1. Сатып алуларды жүргізу үшін Қор Басқармасының Төрағасының бүйрекімен жұмыс комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.
- 3.2. Комиссияның дербес құрамы Қор Басқармасының Төрағасының бүйрекімен бекітіледі және так сандан құрылуы тиіс, кем дегенде 5 (бес) мүшесі болуы тиіс, соның ішінде Комиссия Төрағасы, Төрағаның орынбасары кіреді.
- 3.3. Комиссияның хатшысы Қор Басқармасының Төрағасының бүйрекімен тағайындалады, хатшы Комиссияның мүшелерінің құрамына кірмейді және дауыс беру күкірткышы жок. Комиссия хатшысының атқарымдарын Қордың КБҚ-н әкімшілік-шаруашылық қызметі жөніндегі менеджері орындауды.

3.4. Комиссияның Төрағасы Комиссияның қызметіне жетекшілік етеді, жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерін жүзеге асыруға ортақ бақылау жасайды. Төраға болмаған кезде оның атқарымдарын Комиссия төрағасының орынбасары жүзеге асырады.

3.5. Комиссияның хатшысы өтінімдерді (баға ұсыныстарын және оған қоса берілген құжаттарды) қабылдайды, Комиссияның отырысына қажет материалдарды дайындайды, Комиссия отырысының хаттамаларын құрастырады, шарттың жобасын дайындайды және женімпазға жолдайды, сатып алуды жүргізу үшін қажет өзге атқарымдарды орындайды.

4. Сатып алу тәсілдері

4.1. Корда тауарлар, жұмыстар және қызметтер мынадай тәсілдердің бірімен сатып алынады:

- 1) баға сұраныстарын сұрату тәсілімен;
- 2) бір көзден.

4.2. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудар мынадай ретте жүргізіледі:

1) тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің біртекті түрлерін сатып алу үшін Қор сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің атаулары, жеткізу көлемі, орны, шарттары мен графигі, баға ұсыныстарын ұсынудың белгілі мерзімдері көрсетілген әлеуетті үш жеткізушінің баға ұсыныстарын сұратады;

2) баға сұраныстарын сұрату «Құжаттанушы» электрондық құжат айналымының жүйесі арқылы рәсімделеді және электрондық пошта арқылы жолданады.

4.3. Әлеуетті жеткізуші бір ғана баға ұсынысын ұсынады.

4.4. Әлеуетті қатысушының баға ұсынысын ұсынуы тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге оның келісімін білдіру нысаны болып табылады.

4.5. Өтінімдерді берудің кесімді мерзімі аяқталғанға дейін әлеуетті қатысушы Тапсырыс берушінің электрондық поштасына мынадай мәліметтер мен құжаттар көрсетілген баға ұсынысын жолдайды:

- 1) әлеуетті жеткізушінің атауы, нақты мекенжайы;
- 2) жеткізілетін тауарлардың атауы, сипаттамалары мен мөлшері, орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі;
- 3) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету орны, шарттары және мерзімдері;
- 4) тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бірлігінің бағасы және ортақ бағасы, ҚҚС есептелмейді, соның ішіне тауарларды жеткізумен, жұмыстарды орындаумен және қызметтерді көрсетумен байланысты шығындар кіреді;
- 5) әлеуетті жеткізушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күәліктің/анықтаманың көшірмесі;
- 6) кез-келген басқа рұқсат құжаттардың көшірмесі (міндегі түрде лицензиялануы тиіс/рұқсат алынуы тиіс қызметті білдіретін сатып алудардың жағдайында);
- 7) әлеуетті жеткізуші қол қойған техникалық айрықшалама (баға ұсыныстарының сауалында техникалық айрықшалама және әлеуетті жеткізушінің техникалық айрықшаламаны ұсыну туралы талабы көрсетілген жағдайда).

4.6. Баға ұсыныстарын ұсынудың кесімді мерзімі аяқталғанға дейін әлеуетті жеткізушілер берілген баға ұсыныстарын қайтарып алуға құқылы.

4.7. Әлеуетті жеткізушіден келіп тұсken өтінімдер «Құжаттанушы» электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы тіркеледі, белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстары тіркелмейді.

4.8. Әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарын ұсынуының кесімді мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмысы ішінде Комиссия ең төмен баға ұсынысын ұсынған женімпазды анықтайды.

Бірдей баға ұсыныстары ұсынылған жағдайда баға ұсынысын бірінші болып ұсынған жеткізуші женімпаз деп мойындалады.

4.9. Жеткізушінің баға ұсынысы мынадай жағдайларда қабылданбайды:

1) жеткізуші ұсынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер Тапсырыс берушінің техникалық айрықшаламасының талаптарына сәйкес келмейді, жеткізуші сатып алу шарттарымен келіспейді немесе оларды өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынады; әлеуетті жеткізуші тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің үздік шарттарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің үздік сипаттамаларын ұсынған жағдайлар ескерілмейді;

2) әлеуетті жеткізуші біреуден артық баға ұсынысын ұсынды;

3) әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетеді.

Баға ұсыныстарының өзге негізdemeler бойынша қабылданбауына жол берілмейді.

4.10. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуларды Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда өткізілмеді деп мойындалады:

1) баға ұсыныстары ұсынылмаған жағдайда;

2) бір баға ұсынысы жасалған жағдайда;

3) барлық баға ұсыныстары қабылданбаған жағдайда.

4.11. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп мойындалған жағдайда Тапсырыс берушінің мынадай құқықтары бар:

1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алушы қайта жүргізу;

2) бір көзден тәсілімен сатып алушы жүргізу.

4.12. Баға ұсынысын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары хаттама түрінде рәсімделеді.

4.13. Бір көзден тәсілімен сатып алулар жүргізіледі:

1) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асырылған сатып алулар өткізілмеді деп мойындалса;

2) тиісті құнтізбелік жылы сатып алулар жоспарында қарастырылған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің біртекті түрлерінің ортақ сомасы республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 3000 (үш мың есе) мөлшерінен аспаған жағдайда тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің біртекті түрлерін сатып алған жағдайларда.

4.14. Бір көзден тәсілімен сатып алулар Қор Басқармасының Тәрагасының бүйрығының негізінде жүргізіледі.

Бір көзден тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда Тапсырыс беруші жеткізушінің белгілейді және онымен сатып алулар туралы шартты жасасады.

5. Сатып алулар туралы шартты жасасу және орындау

5.1 Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алулардың женімпазы анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші сатып алулар туралы шарттың жобасын женімпазға жолдайды.

Әлеуетті жеткізушіге Тапсырыс беруші қол қойылған сатып алулар туралы шарттың жобасын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізуші сатып алулар туралы шарттың жобасына қол қоюы тиіс.

5.2. Егер женімпаз болып мойындалған әлеуетті жеткізуші осы Ережелерде белгіленген мерзім ішінде шарттың жобасына қол қоймаса, онда женімпаз шарт жасасудан бас тартқан күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші сатып алуларды қайтадан өткізеді.

5.3. Бір көзден тәсілімен жасалатын сатып алулар туралы шарт осы Ережелерде қарастырылған шарттарға сай келуі тиіс.

5.4. Сатып алу туралы шартта баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың женімпазы ұсынған баға мен оған есептелген КҚС көрсетілуі тиіс; баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың женімпазы КҚС төлеушісі болып табылмаған жағдайлар немесе жеткізілетін тауарға, орындалатын жұмысқа, көрсетілетін қызметке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес КҚС салынбаған жағдайлар ескерілмейді.

5.5. Сатып аулар туралы шарттың жобасына/ сатып аулар туралы жасалған шартқа өзгерістер тараптардың өзара келісімі бойынша енгізілуі тиіс, бағаны және көлемді өзгерту жағдайлары ескерілмейді.

5.6. Сатып аулар туралы шарт Қазақстан Республикасының азamatтық заңнамасына, Ережелерге және шарттарды дайындауды, жасасуды және орындауды регламенттейтін ішкі құжатқа сәйкес орындалады.

5.7. Қол қойылған шарт Қордың ресми сайтында жарияланады.
